



10 ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ !!!

"Bilim-orkenietі" ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай президент Қ.К.Тоқаевтың "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" атты бағдарламалық мақаласын педагогтар мен білім алушылардың арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткізілген "Тәуелсіздік - киелі ұғым" атты республикалық байқауына колледж оқытушысы Г.Б.Таңат қатысып, ІІ Дәрежелі Дипломмен марапатталды.



«Мұра» Республикалық білім-ғылым орталығының ұйымдастыруымен "Ашық сабақ - 2021" Республикалық педагогикалық байқауға колледж оқытушысы Г.Б.Таңат қатысып, І Дәрежелі Дипломмен марапатталды.



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен "Қазақ тілін оқитудың үздік әдістемесі" атты облыстық конкурсына колледж оқытушысы З.И.Абдалимова қатысып Сертификатқа ие болды.



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Білім беруді жаңғырту орталығы" МКҚК "Басқару колледжі" ЖШС. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жылдығына арналған "Ғылым, Білім, Жастар" тақырыбына ұйымдастырған оқытушылар мен студенттердің Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына колледж студенті Н.М.Андасбек қатысып сертификатқа ие болды. Жетекшісі: "Биология" пәнінің оқытушысы Б.А.Сағындықова.



Сібір аймақаралық орта кәсіптік медициналық білім беру жүйесі қызметкерлерінің бірлестігі. Облыстық мемлекеттік бюджеттік кәсіптік білім беру мекемесі. "Тулун медициналық колледжі". Халықаралық қатысумен "Ғылым.



Өмір. Қазіргі заман" студенттердің өңіраралық сырттай ғылыми-зерттеу конференциясына "Медицина будущего в руках IT-гигантов" тақырыпта 217ЛФ-9/20 топ студенті А.Е.Сокуренок мақала жазып, Сертификатқа ие болды. Жетекшісі: С.Г.Бибосынова.

Алматы қаласы халықаралық бизнес академиясы. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған "Мен - кәсіпкермін" Республикалық Гранд турнирін ұйымдастырды. Колледждің 118ЕФ-9/21 топ студенті А.Сейдахмет қатысып, белсенділік танытқаны үшін Мадақтамамен марапатталды. Жетекшісі: А.К.Құдайбергенова, сондай-ақ турнирге колледж командасының белсенді қатысуын ұйымдастырғаны үшін, колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова Алғыс хаттармен марапатталды.



Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы. Алматы қаласы халықаралық бизнес академиясының колледжі. Республикалық Гранд-турнирі аясында өткен «Молодежь.Предпринимательство. Лидерство» атты панельдік талқылауға колледждің 118ЕФ-9/21 топ студенті А.Сейдахмет, колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова және оқытушы А.К.Құдайбергенова қатысып, Сертификатқа ие болды.



Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығын ұйымдастыруымен қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы мұраларын кеңінен насихаттау арқылы жастар шығармашылығын шыңдау мақсатында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай өткізілген "Атасы асыл сөздің - ақын Абай" XV облыстық дәстүрлі Абай оқулары байқауына колледждің "Емдеу ісі" мамандығы, 116 ЕФ-9/21 топ студенті А. Апсейт қатысып, Алғыс хатпен марапатталды. Жетекшісі: З.И.Абдалимова.



Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. Алтын Орда Орданың құрылғанына 750 жыл толуына орай "Алтын орда тарихы - ұлт тарихы" атты ғылыми практикалық конференцияға колледждің 217 топ студенті А.Е.Сокуренок, топ студенті Ә.Абдимажит белсене қатысқаны үшін Сертификатпен, жетекшілері: А.С. Байбосынова, Ғ.А. Сыздықова Алғыс хаттармен марапатталды.



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 | ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ

Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету, бағыт-бағдар беру мақсатында жас мамандар мектебінің отырысы өтті.

2 | «PISA-2021ж.» апробациялық зерттеу

Колледжде 15 жастағы оқушылардың білімін, оқу жетістігінің деңгейін бағалау тесті өтті.

3 | ТРЕНИНГ

Колледж психологі және әлеуметтік педагог "Өзінді таны, өзінді бағала" тақырыбында тренинг өткізді.

4 | АШЫҚ ІС-ШАРА

Л.А.Артықова "Биология" пәнінен ашық сабақ өтті. А.А.Айтжанова, А.О.Бейсенбаева тәрбие сағаттарын өткізді.

5 | КЕЗДЕСУ

Болашаққа бағдар "Рухани жаңғыру" жобасы бойынша бағдарламалық мақала жобалары мен бағыттарын жастарға түсіндіру.

6 | «КАНТ ДИАБЕТІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕС» дәріс

Колледж оқытушылары И.Б.Таукебаева, Л.С.Оңғар өскелең ұрпаққа денсаулықты ерте жастан күтудің маңызын түсіндірді.

7 | БАЙҚАУ

Туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында "Bestvideo Туған өлке" бейнебайқауы өтті. 2021-22 оқу жылында қабылданған студенттер арасында "Жас Талант" байқауы өткізілді.

8 | ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Полиция қызметкерлері "Заң алдында бәрі тең" тақырыбында студенттерге түсіндірме жұмыстарын және колледжде тыйым салынған заттарды алып келмеу мақсатында рейд жүргізді.

9 | ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

1-2 курс студенттері арасында "Ерте жүктіліктің алдын алу", "Эхо времени" тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

10 | ҚҰТТЫҚТАУЛАР!!!

Колледж оқытушылары мен студенттерінің жетістіктері.



Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі.
Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



1 | ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ



19.11.2021ж. Колледжде "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы психологиялық-педагогикалық мәдениеті." тақырыбында жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету, бағыт-бағдар беру мақсатында кезекті отырысы өтті. Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп, риторика, жүріс-тұрыс мәдениеті. Жауапты: Колледж психологы: Божбанова А.М.
2. Жас мамандар тап болатын мәселелер бойынша пікір алмасу. Жауапты: Әдіскерлер мен жас мамандар.
3. Колледждегі тәрбие жұмысын жүргізу үрдісі. Жауапты: Тәрбие жұмысының меңгерушісі: Айдабосынова Ж.Н.
4. «Студент білімін дұрыс бағалай білеміз бе?» Оқу үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды бағалау. Жауапты: Әдіскерлер.
5. «Менің сүйікті ұстазым» тәлімгердің іс тәжірибесінен: Сабақ жоспарын құрастыру бойынша практикум. Жауапты: оқытушы: Бахаева А.Д.

2 | «PISA-2021ж.» апробациялық зерттеу



22.11.2021 ж. 15 жастағы оқушылардың білімі мен білігін, оқу жетістігінің деңгейін бағалау мақсатында Жамбыл облысында PISA 2021ж. апробациялық зерттеулердің бірінші күні Жамбыл жоғары медициналық колледжінде

өткізілді. Нақты осы жастағы оқушыларды іріктеудің себебі, әлемнің көптеген елдерінде бұл жастағы балалардың мектепте міндетті білім алуы аяқталатындығымен түсіндіріледі. Зерттеуге колледждің 45 студенті қатысты. Зерттеу барысында студенттердің математика, оқу сауаттылығы, жаратылыстану бағыттары бойынша білім мен дағдылары бағаланды. Сонымен қатар креативті ойлауды дамыту тәсілдерін қолданды. Тест алғаш рет компьютерлік форматта өтті.

3 | ТРЕНИНГ


23.11.2021 ж. Колледж психологі А.М. Божбанбаева, әлеуметтік педагог А.А.Буксукбаева «Өзіңе деген махаббат, өмірге деген махаббат» тақырыбында психологиялық апталық аясында «Өзінді таны, бағала» атты студенттермен тренинг өткізді. Тренинг мақсаты: студенттердің арасындағы дұрыс қарым-қатынасты орнату, студенттерге дұрыс жолды бағыттау білуі, ашық сөйлеуге үйрету, өзін - өзі бағалай білу және өзін - өзі тәрбиелеу туралы халық даналығымен таныстыру.



4 | АШЫҚ ІС-ШАРАЛАР



16.11.2021ж. №2 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері цикльдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы Л.А.Артықова «Емдеу ісі» мамандығы, 122 ЕФ 9-/21 тобымен, "Биология" пәнінен "Онкология жаңа түзілулердің пайда болуы. Қартаю. Қартаю үрдісі туралы теориялар" тақырыбында ашық сабақ өткізді.



29.11.2021ж. Тәрбие бөлімі және "Жұқпалы аурулар" пәнінің оқытушысы А.А.Айтжанованың ұйымдастыруымен «Емдеу ісі» бөлімі, 213ЕФ- 9/20 тобымен 1 желтоқсан - Халықаралық ЖИТС-пен күрес күніне орай, «ЖИТС-ғасыр дерті және оның алдын алу жолдары» тақырыбында колледжішілік ашық тәрбие сағатын өткізді. Ашық тәрбие сағатына Жамбыл облыстық ЖИТС орталығының дәрігер эпидемиологы М.М. Ысқақ, ЖИТС орталығының психологы М.С.Бегманова қатысып, аурудың таралу жолдары және оның алдын алумен күресу тәсілдерін толығымен түсіндірді.



30.11.2021 ж. Колледжде 1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай «Емдеу ісі» бөлімі, 125 топ кураторы А.О.Бейсенбаева «Менің елім – менің Президентім» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты: Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың өмірі мен қызметі, оның Қазақстанның дамуына қосқан зор үлесі туралы білімін кеңейту, 30-жылдық жетістіктерімізді паш ету, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне деген құрмет, патриоттық, азаматтық, жауапкершілік сезімдерге баулу.



06.12.21 ж. Колледжде тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен "Вейп-денсаулыққа өте қауіпті" атты апталықтың өтуіне байланысты "Ұрпақ саулығы-ұлт саулығы" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін, дені сау ұрпақ ертеңгі елдің болашағы екендігін, зиянды әдеттердің зияны туралы айта отырып, одан бойын аулақ ұстауға тәрбиелеу.

5 | КЕЗДЕСУ

09.11.2021 ж. Жамбыл облысы «Рухани жаңғыру» жобасының офисі «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының арнайы жобалары мен бағыттарын жастар арасында кеңінен түсіндіру мақсатында колледжде Д.М.Өмірбеков "Рухани жаңғыру жобалық офисі" КММ-нің басшы орынбасары, А.А.Дәулетбаев "Қоғаммен байланыс" бөлімінің басшысы студенттермен кездесу өткізді.



6 | «ҚАНТ ДИАБЕТІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕС» дәріс.

14.11.2021ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен 206 топ студенттерімен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жыл толуына орай, «Қант диабетіне қарсы дүниежүзілік күрес күні» тақырыбында СӨСҚ жетекші Таукебаева И.Б., «Медициналық биология және генетика» пәнінің оқытушысы Л.С. Онғар дәріс оқыды. Іс-шараның мақсаты: өскелең ұрпаққа денсаулықты ерте жастан бастап күтудің маңызын түсіндіру болды.



7 | БАЙҚАУ

16.11.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Анатомия және Физиология» пәнінің оқытушысы Г.Б.Танат, "Bestвидео Туған өлке" тақырыбында бейнебайқау жарысын өткізді. Іс-шараның мақсаты: жастарды туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, Отан, Қазақстан туралы түсініктерін кеңейтіп, Туған өлкесіне деген патриоттық сезімдерін ояту. Жүлделі I орын: 132 топ студенті Алтай А.Ж., II орын: 130 топ студенті Ильясова А.Ж., III орын: 202 топ студенті Шохай М.М. иемденді.



18.11.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай, "Тәуелсіздік тұғырым" тақырыбында 2021 - 2022 оқу жылында қабылданған студенттер арасында "Жас Талант" байқауы өтті.



8 | ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АЛДЫН АЛУ

11.11.2021 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Жамбыл облысы ПД ЭЗЗҚЖ аға инспекторы, полиция подполковнигі Д.А.Кинжиханова және Тараз қаласы ПБ ЖПКБ ЭЗЗҚЖ аға инспекторы, полиция майоры А.Б.Мусаева "Заң алдында бәрі тең" тақырыбында колледж студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



17.11.2021 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, колледж инспекторы Тараз қаласы ПБ аға инспекторы, полиция майоры Д.У. Маханов және Тараз қаласы ПБ ЖПКБ ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты М.Қ.Егембердиеваның қатысуымен колледж қабырғасына тыйым салынған заттарды алып келмеу мақсатында рейд жүргізіліп, қоғамда орын алып жатқан жасөспірімдер қылмыстары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



9 | ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

22.11.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен психологиялық апталық аясында «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында



А.Б. Рүстембекованың қатысуымен 1-2 курс студенттерімен дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Студенттерге ерте жастағы жыныстық қатынастың зияны және жүктіліктің алдын алу жолдарын түсіндіру және гинеколог дәрігерге көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойды. Жауапты: А.М.Божбанбаева.

03.12.2021 ж. Колледжде 16-желтоқсан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Эхо в ремени» тақырыбында 135Ф/11-21 топ кураторы Р.Т.Нурбаева дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты: Қазақстанның мызғымас тірлікпен жарасымды бірліктің алтын бесігі, тәуелсіздіктің түп қазығы екені және тұғырлы елдің толымды табыстары мен 30 жылда елдің әлемге танылуы жайлы мәліметті жеткізу, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу.

